

Ленин түзі

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№171 (8631)

Жұма 31 август 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жіске саны 20 тыйым

СОВЕТТЕР ОДАҒЫ МЕН ҚЫТАЙ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДА ДОСТЫ ЖӘНЕ ОДАҚ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТ ПЕН КЕЛІСІМНІҢ БЕКІТІЛУІ ЖӨНІНДІ

14 июльде және 15 августа жарияланған совет-қытай мәлімдемесінде 30 июньнен 14 июльге дейін және Берлин Конференциясынан соң августың 7нен 14не дейін Москвада, бір жағынан СССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі Н. В. Сталин және СССР Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов болып және екінші жағынан Қытай Республикасы Атқару Юаньының Председателі Сун Цзы-вень мырза мен Сыртқы Істер Министрі Ван Ши-цзе мырза болып өзара келіс сөздер жүргізгені бұрын жарияланған болатын.

Совет жағынан келіс сөздерге СССР Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары С. А. Лозовский және СССР-ның

Қытайдағы Елшісі А. А. Петров, Қытай жағынан келіс сөздерге Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Ху Ши-цзе мырза, Қытай Республикасының СССР-дағы Елшісі Фу Бин-чан мырза және Цзян Цзин-го мырза қатысты.

Бұл келіс сөздер 14 августа Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай Республикасының арасында достық және одақ туралы Шартқа қол қоюмен аяқталды. Сонымен қатар:

Қытайдың Чанчунь темір жолы туралы (КВЖД және ЮМЖД) Келісімге,

Порт-Артур туралы Келісімге,

Дальний порты туралы Келісімге,

Жапонияға қарсы қазір бірлесіп жүргізіліп жатқан соғысқа байланысты совет әскерлері Қытайдың шығыстағы үш өлкесінің жеріне барып кіргеннен-ақ кейінгі жерде советтің бас қолбасшысы мен Қытай басқармасының арасындағы өзара қарым-қатынасы туралы Келісімге қол қойылды.

Мұның үстіне, екі жақ екі түрлі нота алысты:

Монғол Халық Республикасының тәуелсіздігі туралы мәселе жөнінде;

Қытайдың Орталық Үкметіне көмектесу туралы мәселе жөнінде, Қытайдың Маньчжурияға еркіншілік жүргізуі және Синьцзяндағы оқиғалар туралы мәселелер жөнінде.

Шартқа Кремльде СССР Жоғарғы Советі Президиумының

оқылдық беруі бойынша Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов және Қытай Республикасы Президентінің беруі бойынша Қытайдың Сыртқы Істер Министрі Ши-цзе мырза қол қойды.

Шарт пен Келісімге қол қоюға СССР Халық Комиссарларының Председателі Н. В. Сталин қатысты.

24 августа СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қытай Республикасының Заң Юаньы 14 августа қол қойды және одақ туралы Шартты, сонымен қатар дерді бекітті. Бұлар осылай бекітілуге тиіс еді.

Төменде Шарт пен Келісімнің текстерін келтіріп

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай Республикасы арасындағы достық және одақ туралы Ш А Р Т

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы мен Қытай Республикасы Ұлттық Үкметінің Президенті,

Одақтас болып және соғыстан кейін тату көршілік ынтымақ жасау арқылы Советтер Одағы мен Қытай Республикасының арасында әрқашан болмы келген достық қарым-қатынасты нығайтуды көзден,

қазіргі дүние жүзілік соғыста Біріккен Ұлттардың дұшпандары тарапынан болған шапқыншылыққа қарсы күресте өзара көмектесуге және Жапония қапан сөзсіз тізе бүккенге дейін оған қарсы бірлесіп жүргізілген соғыста ынтымақтас болуға берік бел байлап,

екі елдің халықтары мен бейбітшілік сүйгіш барлық халықтардың игілігі үшін бейбітшілікті және хауіпсіздікті сақтау ісіне ынтымақтас болуды көзден,

Біріккен Ұлттардың 1942 жылғы 1 январьда бірлесіп жариялаған декларациясында 1943 жылғы 30 октябрьде Москвада қол қойылған Төрт Мемлекеттің декларациясында және Біріккен Ұлттардың халықаралық ұйымның Уставында

Ұлы Мәртебелі екі Елдің екіншісі Келісімге келуші және соғыс қыймылдарына қатысқан Елге дереу соғыс жағынан және басқа жағынан толық көмек көрсетеді, қолында бар күшінің барлығын жұмсап, оған болысады. «Біріккен Ұлттардың» ұйымына Жапония тарапынан ендігі жерде шапқыншылық болуына жол бермеу жауаптылығы жүктелгенге дейін Келісімге келуші Ұлы Мәртебелі екі Елдің Шартының осы статиясы күшінде қала береді.

4 СТАТЬЯ.

Келісімге келуші Ұлы Мәртебелі екі жақтың біреуіне қарсы бағытталған ешбір одақ жасамауға және ешбір одаққа қатысуға Келісімге келуші Ұлы Мәртебелі екі Елдің әрқайсысы міндетті болады.

5 СТАТЬЯ.

Келісімге келуші Ұлы Мәртебелі екі Ел өздерінің әрқайсысының хауіпсіздігі мен экономикалық жағынан өркендеуінің мүдделерін ескере отырып, бейбітшілік орнағаннан кейінгі жерде тығыз және достық ынтымақта болып бірлесе жұмыс

інің Орынбасарын және Басқарма Председателі Орынбасарының Көмекшісін тағайындайды. Басқармада мәселелерді шешкенде Басқарма Председателінің дауысы екі дауыс ретінде саналады. Басқарманың мәжлісі 7 адам қатысқанда заңды болады.

Басқарма келісін шеше алмаған маңызды мәселелердің бәрі әділетсіздікпен және достықпен шешу үшін, Келісімге келуші екі Елдің Үкметтерінің қарауына беріледі.

5 СТАТЬЯ.

Қағанда 6 мүшеден Тексеру Комитеті құрылады. Бұл мүшелердің үшеуін Қытай Үкметі, үшеуін Совет Үкметі тағайындайды. Тексеру Комитетінің Председателі Комитеттің мүшелігіндегі совет азаматтарынан, Председательдің Орынбасары Комитеттің мүшелігіндегі қытай азаматтарынан сайланады. Тексеру Комитетінде мәселелерді шешкенде Председательдің дауысы екі дауысқа есеп болады. Комитеттің мәжлісі 5 адам қатысқанда заңды болады.

6 СТАТЬЯ.

Күнбе-күнгі істерді жүргізу үшін Басқарма СССР азаматтарынан Қытай-Чанчунь темір жолының Басқарушысын, Қытай Республикасының азаматтарынан Басқарушының Орынбасарын тағайындайды.

10 СТАТЬЯ.

Темір жол тек Жапонияға қарсы соғыс кезінде ғана әскерлерін тасуға пайдаланылады. Совет Үкметі шешкен вагондармен өтетін соғыс мүлкін бұл жол арқылы жасауға тасуға мүмкін болады; бұл темір жол полициясы күзетеді, советтер Одағы өзінің күзетін тағайындамайды.

11 СТАТЬЯ.

Бұл жол арқылы совет елінің бір станциясынан станциясына және совет жерінен Дальний, Порт-Артурға немесе кері тасымалданатын товарлардан қытай пошлына немесе басқа қандай да болса алым-салық қойылмайды. Қытай жеріне келгеннен кейін мұндай жүктер қарауынан өткізіледі.

12 СТАТЬЯ.

Ерегіш Келісім бойынша, Қытай Үкметі бұл жол ті көмірді толық жеткізін тұруға міндетті болады.

13 СТАТЬЯ.

Қытай Үкметі қытайдың мемлекеттік жолдары мен бұл жолға да салық салады.

14 СТАТЬЯ.

Қытай Республикасының Ұлттық
Үкіметі Президентінің тапсыруы бойынша

28 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

ЛОНДОН, 28 август. (ТАСС). Түткын

Ішкі Орталық Үкметіне көмектесу туралы Қытайдың Маньчжурияға билігі туралы және Синьцзяндағы оқыйғалар туралы

45 жылғы 14 август.
министр мырза,
мен СССР арасындағы достық және одақ ту-
қол қойылуына байланысты, төменде көрсетіл
Келісімге келуші екі Ел мына түрде түсіне
уды тиіс деп табамын.

да көрсетілген Шарттың рухына сәйкес және
идеясы мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін,
Қытайға моральдық көмек және соғыс жарақ-
қа заттармен жәрдем көрсетуге ризалық білді-
ек пен жәрдем толығынан Қытайдың Орталық
Ішкі Үкметіне көрсетіледі.

і және Порт-Артур порттары туралы және сол
й-Чанчунь темір жолын бірігіп пайдалану тү-
өздерінің барысында Совет Үкметі шығыстағы
ытайдың бір бөлегі деп таныды. Қытайдың
ди өлкеге толық билігін хұрметтейтін және бұл
ер әкімшілік жағынан тұтастығын танытынын
аттады.

Монғол Халық Республикасының тәуелсіздігі туралы

Қытай тілінен аударылды.

Москва, 1945 жылғы 14 август.

иссары мырза,
нғолияның халқы өзінің тәуелсіздікке ұмтылуын
іргендіктен, Қытай Үкметі, Жапония жеңілген-
іртқы Монғолияның халқы жалпы дауысқа қою
пін бұл тілегін ыспаттаса, ол уақытта Қытай
қы Монғолияның қазіргі шекарасындағы тәуел-
ғындығын білдіреді.

ты 14 августа Қытай Республикасы мен ССР
ойған достық және одақ туралы Шарт бекітілген
оғарыда көрсетілген мәлімдеме міндетті күшке

миссары Мырза, Сізді хұрметтейтіндігімді қабыл
өтінемін. ВАН ШИ-ЦЗЕ.

МОТОВ мырза,
і Сыртқы Істер Халық Комиссарына
Москва, 1945 жылғы 14 август.

ырза,
ғаңызды алғанымды өсымен ыспаттаймын. Бұл
із былай дегенсіз:

3) Синьцзяндағы соғыс оқыйғаларды алатын болсақ, Совет
Үкметі достық және одақ туралы Шарттың 5-статьясында
көрсетілгендей Қытайдың ішкі істеріне қол сұғуды көзде
мейтіндігін білдіреді.

Жоғарыда көрсетілген пункттерді осылайша түсінетіндігі-
ңізді, министр мырза, Сіз ыспаттасаңыз, ол уақытта осы
нога және Сіздің оған жауабыңыз жоғарыда көрсетілген дос-
тық және одақ туралы шарттың бір бөлегі болып табылады.

Министр мырза, Сізді өте хұрметтейтіндігімді қабыл алуы-
ңызды өтінемін.

В. МОЛОТОВ.

ВАН ШИ-ЦЗЕ мырзаға,
Қытай Республикасының Сыртқы Істер Министріне
Москва

Жауап нотасында Қытайдың Сыртқы Істер Министрі Ван
Ши-цзе мырза жоғарыда көрсетілген пункттерді осылайша
түсінуге толық ризалығын білдірді.

«Сыртқы Монғолияның халқы өзінің тәуелсіздікке ұмты-
луын сан рет білдіргендіктен, Қытай Үкметі, Жапония же-
ңілгеннен кейін сыртқы Монғолияның халқы жалпы дауыс
қа қою жолымен өзінің бұл тілегін ыспаттаса, ол уақытта
Қытай Үкметі Сыртқы Монғолияның қазіргі шекарасындағы
тәуелсіздігін танытындығын білдіреді.

1945 жылғы 14 августа Қытай Республикасы мен ССР
Одағы қол қойған достық және одақ туралы Шарт бекітіл-
геннен кейін, жоғарыда көрсетілген мәлімдеме міндетті күш-
ке ие болады».

Совет Үкметі Қытай Республикасы Үкметінің жоғарыда
көрсетілген нотасын қанағаттанғандықпен еске алады өз
тарапынан Монғол Халық Республикасының (Сыртқы Мон-
ғолия) мемлекеттік тәуелсіздігін және жерінің тұтастығын
хұрметтейтіндігін білдіреді.

Министр мырза, Сізді өте хұрметтейтіндігімді қабыл алуы-
ңызды өтінемін.

В. МОЛОТОВ.

ВАН ШИ-ЦЗЕ мырзаға,
Қытай Республикасының Сыртқы Істер Министріне
Москва.

Қытай Республикасы арасындағы достық және одақ туралы шартты, Қытай- чунь темір жолы туралы, Порт-Артур туралы және Дальний порты туралы келісімді бекіту туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1945 жылғы 14 августа Москвада қол қойылған, ССРО
есарлары Советі ыспаттаған және бекітуге тап-

ік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай
ы арасындағы достық және одақ туралы Шарт,
ік Социалистік Республикалар Одағы мен Қы-
икасы арасындағы Қытай-Чанчунь темір жолы
сім,

к Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай
ы арасындағы Порт-Артур туралы Келісім,

4. Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай
Республикасы арасындағы Дальний порты туралы Келісім—
бекітілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль, 1945 жылғы 24 август.

бір күнгі өсім 2417 гектар болды.

Күзгі егіс жоспарын Мамлют ауданының колхоздары 35,2, Конюхов ауданы-
ның колхоздары 28,8 және Булаев ауданының колхоздары 27,8 процент орын
дады. Бұл жұмыста әсіресе Ленин, Совет және Приешім аудандарының колхозда-
ры кешіргісіз артта қалып отыр. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 16-21
проценттен аздап ғана асты.

Ильич атындағы МТС зябь жыртуда артта қалды

Ильич атындағы машина-трактор стан-
циясының қамтуындағы (Ленин ауданы)
азат колхоздарда 1945 жылдың көктемгі
егісіне жер әзірлеу мәселесіне ерекше
назар аударылуда. Сталин атындағы кол-
хозда (председателі Грищенко жолдас)
зябь жыртуға 8 соқа қосылып, олардың
жұмысты өнімді істеуіне толық жағдай жа-
залды. Аманкелді атындағы колхозда
зябь жыртуға 3 соқа қосылған болатын.

Соқашылар Сызтыкова және Қозин жол-
дастар зябь жырту жұмысы басталғалы
бұн сайын 1,2 гектар орнына, 1,3—1,5
гектардан зябь жырттып келеді. Зябь жыр-
туда «Өндіріс», «Жарғайын» және «Со-
ветский» колхоздары да көрнекті табыс
тарға жетті «Жарғайын» колхозының
соқашылары Рамазанова және Кубеев,
«Өндіріс» колхозының соқашылары Теме-
шева және Әлкина жолдастар шын мәнін-
де колхозды ауылдың таңдаулылары бо-
лып саналады.

Алайда МТСты жалпы алғанда 1946
жылдың көктемгі егісіне жер әзірлеудің
барысы ойдағыдай болмай отыр. Өйткені
кейбір колхоздар, оның ішінде «Память

Ильича», «Красный партизан», Пушкин
атындағы және Ленин атындағы колхоз-
дар зябь жырту жұмысына мүлде кіріс-
кен жоқ.

Осы сияқты зябь жырту жұмысына
МТСтың трактор паркі мүлде қатыспай
отыр деуге болады. Демек, Сталин атын-
дағы колхозда зябь жыртуға бөлінген
4 трактор және «Өндіріс» колхозын-
да 2 трактор зябь жырту жұмысына қо-
сылмай, босқа тұр. Мұндай мысалдар МТС
қамтуындағы колхоздардың көпшілігінен
кездеседі. Бірақ бұл жағдайға МТС дирек-
торы Ляшевич жолдас орынсыз тәзіп
отыр. Тракторлардың зябь жырту жұмы-
сына қосылмауына оның бар танқан дә-
лелі «жапар май жоқ» дейді. Шынында
МТСта жанармай қоры бар. Алайда бұл
жанармайды трактор бригадаларына жет-
кізіп, зябь жыртуға бөлінген трак-
торлардың дереу жұмысқа қосылуын Ля-
шевич жолдас ескермей отыр. Бұл—Ляше-
вич жолдастың зябь жырту жұмысына
немкетті қарайтындығын ыспаттайды.

ЯВЛЕНКА. (Өз тілшімізден).

Комбайншы Елещенко 500 гектар егін жыйнады

Совет ауданының Сарытомар МТСнда
ғы таңдулы комбайншы Н. Елещенко жол-
дас Қазақстанның 25 жылдығы атындағы
социалистік жарыста алған міндеттемесін
аброймен орындау үшін еңбек өнімділі-
гін барған сайын еселеп арттыруда.

Елещенко жолдас тіркеудегі екі «Ста-
линец» комбайнымен егін жыйнау мау-
сымы басталғалы 500 гектар егін жый-
нап, 102 килограмм жанармай үнемдеді.
КК(б)П аудандық комитеті мен аудандық

совет атқару комитеті Елещенко жолдас-
тың агрегатына ауыспалы Қызыл ту тап-
сырып, оның өзіне бағалы сыйлықтар
берді.

А. ВЕЛИЧКО,
Сарытомар МТСның директоры.

Түсті металл Халық Комиссариатына
қарасты жоғарғы дәрежелі оқу орындары
басқармасының Шүчьедегі тау-металлург-
гия техникумы 1945-46 оқу жылына 1-
курсқа оқушылар қабылдайды.

Техникум алтын және түсті металл өнді-
рістері үшін кенші-техниктер, металлург
және геологтар дайындайды. Техникумға
орта мектептің 7-класы көлемінде білімі
бар ер, әйел азаматтар қабылданады.
Техникумға қабылданушылардан ССРО
Конституциясы, математика және орыс ті-
лі пәндерінен емтихан алынады. Мектепті
барлық пәнінен «5» деген бағамен бітіріп
шыққандар сынсыз қабылданады. 9-10
клас бітіргендер II-курсқа емтихансыз

алынады.
Оқу I сентябрьде басталады. Оқуға түсем
деушілер өтінішпен қоса мына документтер
ді: білімі жөнінде куәлік, (көшірмесі) ту-
ған оқуы туралы куәлік, өмір баяны, үш
фотосуреті, әскери қызметке қатынасы
жөнінде анықтама әскери міндеттілер үшін)
денсаулығы туралы анықтама және басқа
документтерін техникумға жіберулері ке-
рек.

Техникумға қабылданғандар айына 225
сом стипендия және үш мезгіл тамақпен
қамтамасыз етіледі.

Техникумға қабылданғандар армия қата-

лар мен залымдар түрмеден босатылады».
ЧУНЦИН, 29 август. (ТАСС). Жапон
ның Домей Цусин агенттігінің Бэйпиннен
берген хабары бойынша, Нацкиның бұ-
рынғы «үкметінің» басшысы доктор Чень
Гун Боньң кеше өзін өзі атқанда түскен
жарадан бүгін таң ертең өлгендігін жер-
гілікті газет хабар еткен.

Италияда тазалау жүргізу

РИМ, 29 август. (ТАСС). Фашизмге
қарсы істерге рұхсат беру жөніндегі жо-
ғарғы комиссар Пеннидің жоғарғы сот-
тың жабық мәжілістерінде бұдан бұрын іс-
тері қаралмаған сенаторлар тобының ара-
сында да тазалау жүргізу туралы қарар
қабылдағандығын АФИ агенттігі хабар
етті. Міне, сондықтан да осы уақытқа
дейін өздерінің атактарын сақтап келген
92 сенатордың 78нің істері олардың өз
атақтарын сақтауға лайықты екендігін
тағайындау мақсатында, жоғарғы соттың
қарауына берілетін болды. Қалған 14
сенатор алдағы уақытта құылатын мәс-
лихат жыйылысынан орын алуға пұрсат
алды. Жоғарыда көрсетілген 78 сенатор-
дың ішінде маршал Бадолио мен адмирал
Паоло Таон ди Ревель бар.

Грек спасызына өлім жазасын беру туралы үкімді өзгерту

ЛОНДОН, 27 август. (ТАСС). Греция
ның түрлі шағымдарды қарайтын жо-
ғарғы сотының генерал Георг Чолакоглу
ға (Грецияның қуыршақ «үкметінің»
бұрынғы басшысы) өлім жазасын беру
туралы быылғы май айында шығарыл-
ған үкімді өмір бойына түрме тұтқынын
да отырумен айырбастағандығын рейтер
агенттігі хабар етті. Соттың қарарын
регент архиепископ Дамаскинос бекітеді.
Генерал Чолакоглуды өлім жазасына
кескен арнаулы трибунал өзінің қаулы-
сында үкімді жеңілдету жөнінде ұсыныс
жасаған.

Жауапты редактордың орынбасары
Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

рына шақырылудан босатылады. Шеттен
келгендерге жатақхана беріледі. Сол сы-
яқты, дайындық бөліміне қазақ жастары-
нан оқушылар қабылданады. Оқу мерзімі
1 жыл. Дайындық бөліміне 6,7 клас кө-
лемінде білімі барлар алынады. Дайын-
дық бөліміне түсушілер сыннан өтеді. Дайын-
дық бөліміне қабылданғандарға айына 225
сом стипендия беріледі.

Техникумның адресі Шүчье қаласы,
Көкшетау облысы, Ленин көшесі, 96-үй.

ДИРЕКЦИЯ.

УД02363.